

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

**«Бекітемін»  
Бірінші проректор**

\_\_\_\_\_ **А.З.Исағұлов**  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **20\_\_ ж.**

**ОҚЫТУШЫ ПӘНІНІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
КЕШЕНІ**

«Педагогикалық шеберлік» пәні бойынша

5В010400 «Бастапқы әскери дайындық» мамандығы студенттері үшін

Әскери-техникалық факультет

«Кәсіптік оқыту» кафедрасы

## Алғы сөз

Оқу жұмыс бағдарламасы жасалды: «Педагогикалық шеберлік» курсының бағдарламасы ЖОО-ның педагогикалық мамандықтарының колданыстағы типтік оқу жоспарына сәйкес 5B010400 «Бастапқы әскери дайындық» (бакалавр) шифры бойынша ҚР МЖМБС – да, ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен 22.06.2006 ж. Бекітілген және енгізілген хаттамасымен кафедраның химия ғылымдарының кандидаты, доцент, М.С. Нұрмағанбетова мен педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Г. Е. Самашовамен құрастырылған.

«Кәсіптік оқыту» кафедра отырысында талқыланды

Хаттама №\_\_ «\_\_» \_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ «\_\_» \_\_\_\_ 20\_\_ ж.  
(қолы)

Әскери-техникалық факультеттің әдістемелік бюросымен бекітілген  
Хаттама №\_\_ «\_\_» \_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Төрәйім \_\_\_\_\_ «\_\_» \_\_\_\_ 20\_\_ ж.  
(қолы)

## 1 Оқу жұмыс бағдарламасы

### 1.1 Оқытушылар туралы мәліметтер және байланыс ақпарат

Нұрмағанбетова М.С., химия ғылымдарының кандидаты, доцент.

Самашова Г.Е., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

«Кәсіптік оқыту» кафедрасы ҚарМТУ-ң 1 оқу корпусында, 226 аудиторияда орналасқан, телефоны 56-52-33

### 1.2 Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттер саны	Сабақтардың түрі				СӨЖ сағаттар саны	Жалпы сағаттар саны	Бақылау түрі	
		Қосылған сағаттар саны			ОСӨЖ сағаттарының саны				
		Лекциялар	Практикалық сабақтар	Зертханалық сабақтар					
4	2	15	15		30	60	30	90	емтихан

### 1.3 Пәннің сипаттамасы

«Педагогикалық шеберлік» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен жоғары оқу орнының 5В010400 «Бастапқы әскери дайындық» мамандығының студенттеріне МЖМБС сәйкес оқу жоспарына қатысты жасалған.

«Педагогикалық шеберлік» пәні міндетті пәндер циклына кіреді және кәсіби оқыту бакалаврын педагогикалық даярлаудағы негізі болып табылады.

### 1.4 Пәннің мақсаты

«Педагогикалық шеберлік» пәні педагогикалық шеберліктің өзіне тән ерекшеліктері мен қасиеттерін болашақ мамандарға саналы білім мен саналы тәрбие арқылы бере отырып жас педагогтардың шеберлігін жетілдіру мақсаттарын алға қояды.

### 1.5 Пәннің міндеттері

*Пәннің міндеттері мынадай:*

- студенттердің педагогика бойынша алған білімдерін бекіту және тереңдету;
- педагогикалық әдебиеттермен дербес жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- студенттерді практикалық жұмысқа үйрету және оларды педагогикалық іскерлік дағдыларымен қаруландыру;
- педагогикалық ойлау мен шығармашылдықты дамыту.

### 1.6 Айрықша деректемелер

Берілген пәнді оқу үшін келесі пәндерді (бөлімдерді (тақырыптарды) көрсетумен) меңгеру қажет:

Пән	Тараулар атаулары (тақырыптар)
1 Фәлсафа	Таным теориясы проблемасы. Тұрмыс және ойлау категорияларының қарым-қатынасы.
2 Жалпы педагогика	Педагогикалық процестің заңдылықтары.
	Тұтас педагогикалық процесс құрылымындағы оқыту.
	Қазіргі мектептегі білім берудің мазмұны.
	Оқытуды ұйымдстыру формалары. Қазіргі заманғы сабақ.
	Оқыту әдістерінің сипаттамасы.

	Оқушылардың танымдық әрекеттерін белсендендірудің қазіргі заманғы әдістері.
	Білім беру технологиялары.
	Мектептегі нормативті құжаттар сипаттамасы.
	Мектептегі жұмысты жоспарлау.
3 Жалпы психология	Тұлға психологиясы.
	Тұлғаның өзіндік-психологиялық ерекшеліктері.
	Танымдық процестер.
	Әрекеттегі және сөйлесудегі тұлға.
4 Кәсіби психология	Адамды кәсіптік әрекет процесінде кешенді зерттеу.
	Тұлғаның қалыптасуындағы жас ерекшеліктері.
	Кәсіптік әрекетке психологиялық-педагогикалық жүйелі жоспарлауға дайындықтар.
	Оқушылардың еңбекке тәрбиелеудегі психологиялық ерекшеліктер.
5 Кәсіби педагогика	Содержание профессионального обучения.
	Кәсіптік оқытудың принциптері және жүйелері.
	Кәсіптік білім берудегі инновациялық технологиялар.
	Кәсіптік-білім беру оқу орындарындағы тәрбие жұмысының теориясы және практикасы.

### 1.7 Тұрақты деректемелер

«Педагогикалық шеберлік» пәнін оқу кезінде алынған білімдер келесі пәндерді «Мамандыққа кіріспе», «Жалпы педагогика», «Кәсіби психология», «Кәсіптік білім берудегі этнопедагогика» меңгеру барысында қолданылады.

### 1.8 Пәннің мазмұны

**1.8.1 Сабақтардың түрлері бойынша пәннің мазмұны және олардың еңбек сыйымдылығы**

#### Пәннің тақырыптық жоспары

Бөлімнің (тақырыптың) атауы	Сабақтардың түрлері бойынша еңбек сыйымдылығы, сағат				
	дәрістер	практикалық	зертхан.	СОӨЖ	СӨЖ
1 Педагогикалық шеберлік және оның тәрбиедегі мәні.	1	1		2	2
2 Оқытушы тұлғасы және авторитет. Педагогикалық жұмыстағы қиындықтар.	1	1		2	2
3 Педагогикалық әрекеттің мәні және құрылымы.	1	1		2	2
4 Педагогикалық қарым-қатынас.	1	1		2	2
5 Педагогикалық жетекшіліктің стилдері.	1	1		2	2
6 Оқушыларды педагогтың тануы.	1	1		2	2
7 Педагогикалық техника оқушының тәртібін ұйымдастыру формасы ретінде.	1	1		2	2

8 Мұғалімнің сөзі педагогикалық шеберлік шарты ретінде.	1	1		2	2
9 Педагогикалық процестегі иландыру және сендіру.	1	1		2	2
10 Қақтығыстар (конфликтер) және оларды шешу жолдары.	2	2		4	4
11 Оқытушының жұмысындағы психотерапия элементтері.	1	1		2	2
12 Педагогикалық шеберлік және педагогикалық шығармашылық.	1	1		2	2
13 Мұғалім шеберлігінің проблемасын шешудегі мектептік және театрлық педагогика өзара байланысы.	1	1		2	2
14 Кәсіби мотивация.	1	1		2	2
<b>Барлығы:</b>	<b>15</b>	<b>15</b>		<b>30</b>	<b>30</b>

### 1.9 Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика, СПб: Издательство «Питер», 2000. – 304 с.
2. Зязюн И.А. и др. Основы педагогического мастерства. – М.: Просвещение, 1989. – 303 с.
3. Морева Н.А. Основы педагогического мастерства: учеб. Пособие для вузов/ Н.А. Морева. – М.: Просвещение, 2006.
4. Практическая психология для преподавателей/ Под ред. Тутушкиной М.К. -М.: Информационно-издательский центр «Филинь», 1997. – 325 с.
5. Основы педагогического мастерства. Упражнения. Тесты. Советы начинающему педагогу./ Сост. Смолькина Т.П. - Караганда: Болашак-Баспа, 2002.
6. Пидкасистый П.И. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей. – М.: Российское пед. агентство, 1996.
7. Резниченко М.Г. Введение в педагогическую деятельность: Учебное пособие для студентов факультета начального образования. – Самара: Издательство СГПУ, 2003
8. Смолькина Т.П., Раимбеков Б.Х. Современные формы организации и методы проведения занятий в вузе. Эвристическое обучение. – Караганда: Болашак-Баспа, 2003.
9. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства: учебник для студ. сред. проф. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2008.

### 1.10 Қосымша әдебиеттер тізімі

10. Алексеев А.А., Громова Л.А. Поймите меня правильно. СПб.: Экономическая школа, 1993.
11. Андреев В.И. Конфликтология: искусство спора, ведения переговоров, разрешения конфликтов. Казань, 1993.
12. Байярд Р., Байярд Д. Ваш беспокойный подросток: Пер. с англ. М.: Просвещение, 1991.
13. Берн Э. Игры, в которые играют люди. Психология человеческих взаимоотношений. М.: Прогресс, 1988.
14. Бородкин Ф.М., Коряк И.М. Внимание: конфликт! Новосибирск, 1989.
15. Вербовская ИЛ. Искусство речи. М., 1977.
16. Вульф В.Б., Харькин В.П. Педагогика рефлексии. М., Магистр, 1995.
17. Гамезо М.В., Домашепко И.А. Атлас по психологии: информационно-методические материалы к курсу «Общая психология»: Учебное пособие для студентов пединститутов. М.: Просвещение, 1986.
18. Глассер У. Школы без неудачников; Пер. с англ. М.: Прогресс, 1991.

19. Грановская Р.М. Элементы практической психологии. Л.: Изд-во ЛГУ, 1988.
- Джеймс М., Джоигвард Д. Рожденные выигрывать. Пер. с англ. М.: Прогресс, 1993.
20. Дайкер А.Ф., Нечитайлова Е.П., Успанов К.С., Сманова Г.Т. Общее и в особенное формировании профессионально-значимых качеств учителя. - Алма-Ата: Каз ГПУ им. Абая, 1992.
21. Добрович А.Б. Общение: наука и искусство. М.: Знание, 1980.
22. Жампеисова К.К. Формирование основ политической культуры старшеклассников в целостном педагогическом процессе школы. - Алматы, РИК, 1993.
23. Закон Республики Казахстан "Об образовании". - Астана, 1999. - 25 с.
24. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении, М.: Просвещение, 1987.
25. Классному руководителю. Учеб.-метод, пособие./ Под ред. М.И. Рожкова. М.: Владос, 1999.
26. Концепции государственной политики в области образования Республики Казахстан. - Алматы, 1995.
27. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. 2-е изд. М.: Политиздат, 1977.
28. Львова Ю.Л. Творческая лаборатория учителя: Из опыта работы. М.: Просвещение, 1985.
29. Морозова О.П. Педагогический практикум. Учебные задания, задачи и вопросы. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 320 с.
30. Муканова Б.И. Взаимодействие учителя с учащимися. - Алматы: Дауар, 1994.
31. Никонова А.Я. Психологические особенности индивидуального стиля педагогической деятельности учителя. М., 1986.
32. Нургалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория и практика формирования. - Алматы, 1994.
33. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей. Под ред. П.И. Пидкасистого. 2-е изд. М.: Российское пед. агентство, 1996.
34. Раттер М. Помощь трудным детям: Пер с англ. М.: Прогресс, 1987.
35. Рекомендации по организации управленческой деятельности администрации школы: Сб. метод. рекомендаций для руководителей школ/ Сост. Е.М.Муравьев, А.Е.Богоявленская. – М.: Центр «Педагогический поиск», 2000.
36. Спириин Л.Ф., Фрумкин М.Л. Анализ учебно-воспитательных ситуаций и решение педагогических задач. Ярославль, ЯГПУ, 1974.
37. Справочник администрации школы по организации учебного процесса / М.: Образовательный центр «Педагогический поиск», 2000.
38. Справочник заместителя директора школы по воспитательной работе./ М.: Центр «Педагогический поиск», 1999.
39. Степаненков Н.К., Пенкрат Л.В. Педагогика: Методика проведения практических занятий. Учебно-метод. Пособие. – Минск: Изд.-во В.М.Скакун, 2000. – 80 с.
40. Стресс жизни./ Сост. Л.М- Попова, И.В. Соколов. СПб.: Лейла, 1994.

### 1.11 Студенттердің білімін бағалау белгілері

Пән бойынша емтихан бағасы аралық бақылау (60% дейін) және қорытынды аттестаттау (емтихан) (40% дейін) бойынша үлгерімнің ең жоғары көрсеткіштерінің сомасы ретінде анықталады және кестеге сәйкес 100% дейін мәнді құрайды.

Әріптік баға бойынша бағалау	Сандық бағалау эквиваленттері	Меңгерілген білімдердің проценттік мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
А	4,0	95-100	Өте жақсы
А-	3,67	90-94	
В+	3,33	85-89	Жақсы

B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	30-49	Қанағаттанарлықсыз
Z	0	0-29	

Аралық бақылау оқытудың 7-ші, 14-шы апталарында жүргізіледі және бақылаудың келесі түрлерінен шыға отырып, ұйымдастырылады:

Бақылау түрі	% -тік мәні	Оқытудың академиялық кезеңі, апта															Барлығы, %	
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15		
Қатысу	0,3	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	4,5
Лекция конспектісі	1,0				*					*						*		3,0
Практикалық сабақта ауызша сұрау	7,5							*								*		15,0
Тақырыптық тестілеу	1,0	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	15,0
СӨЖ тапсырмасын орындау	1,5	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	22,5
Емтихан																		40
Барлығы (аттестация бойынша)								28,1								31,9		60
Барлығы																		100

### 1.12 Саясат және рәсімдер

«Педагогикалық шеберлік» пәнін оқу кезеінде келесі ережелерді сақтауларыңызды сұраймыз:

1 Сабаққа кешікпей келуді.

2 Себепсіз сабақ босатпауды, ауырған жағдайда анықтама, ал басқа жағдайларда түсініктеме хат ұсынуды.

3 Студенттің міндетіне барлық сабақтарға қатысу кіреді.

4 Оқу процесінің күнтізбелік жоспарына сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсыру.

5 Жіберілген практикалық және зертханалық сабақтар оқытушы белгілеген уақытта қайта тапсыру.

6 Оқу процесіне белсене қатысу.

7 Оқытушылар мен курстастарына шыдамды, ашық, мейірімді болындар.

### 1.13 Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілгендігі

Автордың аты-жөні	Оқу-әдістемелік әдебиеттің атауы	Баспа, басылып шығатын күні	Даналар саны	
			кітапханада	кафедрада

1	2	3	4	5
<b>Негізгі әдебиет</b>				
Зазюн И.А. и др.	Основы педагогического мастерства	М.: Просвещение, 1989. – 303 с.		1
Смолькина Т.П.	Основы педагогического мастерства. Упражнения. Тесты. Советы начинающему педагогу.	Караганда: Болашак-Баспа, 2002		25
Морева Н.А.	Основы педагогического мастерства: учеб. Пособие для вузов	М.: Просвещение, 2006.		10
Смолькина Т.П.	Основы педагогического мастерства. Научно-методическое пособие.	Караганда: РИО «Болашак-Баспа», 2008.		25
Якушева С.Д.	Основы педагогического мастерства: учебник для студ. сред. проф. учеб. заведений	М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 256 с.		электронная версия
<b>Қосымша әдебиеттер</b>				
Пидкасистый П.И.	Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей	М.: Российское пед. агентство, 1996.		5

## 2 Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

Бақылау түрі	Тапсырманың мақсаты және мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Орындалу ұзақтылығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі
Дәрістік сабақтар тақырыбы фронтальды сұрау	Дәрістік сабақтың қарастырылып отырған тақырыптары бойынша білімдерін бекіту.	[1-10]	1 апта	ағымда-ғы	апта сайын
ОСӨЖ және СӨЖ тапсырмалар бойынша фронтальды сұрау	Ақпаратты өз бетінше іздеу және қайта өңдеу білігін қалыптастыру.	[1-10]	1 апта	ағымда-ғы	апта сайын
Аралас сұрау (тест, жеке әңгімелеу)	Білімді практикада пайдалану білігін қалыптастыру.	[4, 5]	1 контактілі сағат	аралық	7, 14 апта
Аралас сұрау	Білімді практикада пайдалану.	[1-10]	1 контактілі сағат	ағымда-ғы	4 апта
Аралас	Практикада білімді	[1-10]	1 контактілі	аралық	7 апта



сұрау	пайдалану		сағат		
Аралас сұрау (тест, өзіндік әңгіме)	Теориялық білімді бекіту	[1-10], Курс бойынша конспект дәріс	1 контактілі сағат	аралық	10 апта
Емтихан	Пән бойынша материалды тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттердің барлық тізімі	1 контактілі сағат	аралық	14 Апта
Бақылау жұмысы (жазбаша)	Практикада білікті қалыптастыру білімін пайдалану	Дәріс конспектісі, бақылаушы тақырыптар бойынша сабақ материалдары	2 сағат	қорытынды	Сессия кезінде

## 2.2 Дәріс сабақтарының тезистері

### Дәріс тақырыбы № 1. Педагогикалық шеберлік және оның тәрбиедегі мәні.

*Дәріс жоспары*

- 1 Кіріспе. Педагогикалық шеберлік туралы түсінік.
- 2 Педагогикалық іс-әрекет.

#### **Кіріспе. Педагогикалық шеберлік туралы түсінік.**

Педагогикалық шеберлік негіздері курсы - педагогтық кәсіптік мамандықты жетілдіруге арналған. Жас ұрпақтарға сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында еңбек етуші педагогтардың шеберлігін арттыра отырып және жаңадан қалыптасушы жас педагогтардың шеберлігін жетілдіру үшін бұл арнайы курстың тигізер пайдасы мол. Педагогикалық шеберлік негіздерін меңгеру психология, педагогика, жеке пәндерді оқыту әдістемесін терең оқыш үйренудің негізінде, оны педагогтық іс-тәжірибеде жете меңгеріп, қолдана білудің нәтижесінде жетіле түседі.

Қандай да бір істі өзінің нақты деңгейіне жеткізіп атқару үшін шеберлік керек. Шеберлік барлық іс-әрекетгерге де, барлық мамандықтарға тән қасиет. А.С.Макаренко былай деген болатын: "Тәрбиешінің шеберлігі ол бір ерекше өнер емес. Ол мамандық. Мамандық болғанда да дәрігерді өз мамандығына, музыканттарды өз мамандығына үйреткен сияқты мұғалімді де өз мамандығына үйрету" деп, атап көрсеткен болатын. Негізгі мақсат педагогикалық шеберліктің өзіне тән ерекшеліктері мен қасиеттерін білуіміз керек. Педагогикалық шеберлікті жетілдірудегі негізгі мақсат - мұғалімдік мамандық бойынша өзінің алдына қойған мақсатты педагогикалық іс-әрекеті деңгейіне жеткізе нәтижелі түрде іске асыра білу.

Мұғалімнің шеберлігі екі жағынан бірдей танылады: бірінші жағы, баланы қалай, қалайша оқыту үшін оның психологиясын білу, екінші жағы, оқытып-тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, жолдарын терең білу және оны қолдана білу. Тәжірибеде осы талаптарға сай мұғалімдер шеберлігі қалыптасып жетіледі.

## **Педагогикалық іс-әрекет.**

Педагогикалық іс-әрекет дегеніміз – мұғалімнің оқу-тәрбие істерін нәтижеге жеткізетін әрекеттер құрылымы. Мұғалімнің шеберлігі педагогикалық іс-әрекетті жоғарғы педагогикалық мамандық негізінде басқара білу.

Педагогикалық іс-әрекеттер мынадай құрылымдардан тұрады: іс әрекет мақсаты, іс-әрекет объектісі, іс-әрекет субъектісі, іс-әрекет құралы.

*Іс-әрекет мақсаты* - жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуді көздейді.

*Іс-әрекет объектісі* - Адамдардың қалыптасуының объективтік негізін - қоғамның материалдық-техникалық базасы, қоғамдық қатынастар, тұрмыс салалары, табиғи орта және адамның туа біткен қасиет-нышандары сияқты адамдардың еркі мен санасына тәуелді емес факторлар құрайды.

*Іс-әрекет объектісі* - Адамдардың қалыптасуының объективтік негізін - қоғамның материалдық-техникалық базасы, қоғамдық қатынастар, тұрмыс салалары, табиғи орта және адамның туа біткен қасиет-нышандары сияқты адамдардың еркі мен санасына тәуелді емес факторлар құрайды.

*Ұсынылған әдебиеттер:*

1. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика, СПб: Издательство «Питер», 2000. – 304 с.
2. Зязюн И.А. и др. Основы педагогического мастерства. – М.: Просвещение, 1989. – 303 с.
3. Морева Н.А. Основы педагогического мастерства: учеб. Пособие для вузов/ Н.А. Морева. – М.: Просвещение, 2006
4. Резниченко М.Г. Введение в педагогическую деятельность: Учебное пособие для студентов факультета начального образования. – Самара: Издательство СГПУ, 2003
5. Пидкасистый П.И. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей. – М.: Российское пед. агентство, 1996.
6. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства: учебник для студ. сред. проф. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2008

*СӨЖ тапсырмасы* (тақырып 1) [1-4, 9]:

1. Педагогикалық шеберлік мәнін ашыңыз.
2. Педагог-шебердің кәсіби-педагогикалық сипаттарының элементтерін атаңыз.
3. Педагог-шебердің қандай элементтерін білесіз?
4. Педагог-шебердің қалыптасуына әсер ететін факторларды атаңыз.
5. Педагог кәсіпқойдың (профессионал) қалыптасу жолдарының кезеңдерін атаңыз?

## **Тема 2. Оқытушы тұлғасы және авторитет. Педагогикалық жұмыстағы қиындықтар (1сағат).**

*Дәріс жоспары*

- 1 Оқытушы авторитеті.
- 2 Оқытушы жұмысындағы өзіндік рефлексия
- 3 Оқытушы жұмысындағы ішкі және сыртқы «қорқыныш» жіктемесінің қиындықтары.
- 4 Педагогикалық білікті жасау кезіндегі өзін-өзі талдау және өзін диагностикалау.

Педагогтың оқу-тәрбие процессі үстінде, аудиторияда, сынып оқушылары алдында өз дене бітімін, қозғалыс-қимылын дұрыс бағыттап ұстап білуі педагогикалық шеберлік тәсілдерін жүзеге асыруға байланысты. Дене бітімін бір қалыпты сымбатты, тұрақты ұстаған мұғалімнің өз ісіне сенімді, ойы тиянақты, айтатын сөзін абыржымай тиянақты мазмұнды бере алатындығын сипаттайды. Өз күшіне, өз біліміне, өз іс-әрекеттеріне сенімділігін

білдіреді.

Сондықтан да мұғалім сабақ үстінде дене бітімін тік дұрыс, сымбатты ұстау керек. Әрі-бері орынсыз қозғалып жүре бергеннен сақтану керек және бір жерде ұзақ тұрып қалуға да болмайды. Сабақ үстінде қақырыну, түкіріну, сіңбіру, өте мәдениетсіздікті байқатады, олар мұғалім үшін өте жат. Отырғанда да екі аяқ арасының аса алшақ болуы дұрыс емес. Мұғалімнің қимылы психологиялық мәнерде болу керек. Қолайлы көңілді кездерде қолыңды кеудеңе келтіріп қошемет көрсету, сыныпқа кіруде, шығуда қолданылуы көңілге жайлы тиеді. Дене қимыл-келбетін ұстай білуге жаттығу үшін физкультура спортпен шұғылданған жөн. Сол сияқты өзін-өзі қабырғада тұрып жаттықтыру және өзіне-өзі оқушы көзімен қарау керек. Мысалы, сөйлер алдында бір қадам ілгері басу оқушылардың зейінін өзіне тартатын болса, бір қадам кейін шегіну азғана тыныстауды демалыс қалпын ұйғарады.

*Ұсынылған әдебиеттер:*

- 1 Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика, СПб: Издательство «Питер», 2000. – 304 с.
- 2 Зязюн И.А. и др. Основы педагогического мастерства. – М.: Просвещение, 1989. – 303 с.
- 3 Морева Н.А. Основы педагогического мастерства: учеб. Пособие для вузов/ Н.А. Морева. – М.: Просвещение, 2006

*СӨЖ тапсырмасы (2 тақырып) [1-3]:*

- 1 Авторитеттің жоғары деңгейін белгілеу үшін қандай анықтамалар бер?
- 2 Білім берудегі авторитеттің дұрыс мағынасы қандай?
- 3 Оқытушы-терминатордың графикалық портретін салып беріңіз.
- 4 Авторитеттің тұлғалық компонентінің толық сипаттамасын беріңіз.
- 5 Педагог авторитетіне қойылатын талаптарды сатылы түрде келтіріңіз.
- 6 Әр қилы символдар (сурет, сөз, елестету арқылы салыстыру) қолдана отырып авторитет оқытушының портретін өз түсінігіңізше салыңыз. Портреттің өзіңізге қолайлы формасын тандап алыңыз.

### **Дәріс тақырыбы №3. Педагогикалық этика**

*Дәріс жоспары*

- 1 Педагогикалық этиканың мәні.
- 2 Педагогикалық этикаға қойылатын талаптар

#### **Педагогикалық этиканың мәні.**

**Этика** – бұл адамдар өз қылықтарында басшылыққа алуға тиісті принциптер туралы, адамгершілік туралы ғылым. Этикаға «этикет» ұғымы да жақын. Бірақ бұл сөз француздың «ярлық», тоуар белгісінің түрі деген сөзінен шығып, өз мағынасын өзгертті. Ресейде этикетті ресми түрде Петр I - ші енгізді. Этика әлемдік мәдениеттің бөлігі болғанға дейін көптеген жүзжылдықтар өтуге тиіс болатын. Адалдық, қайырымдылық, ұят, абырой, өжеттілік, еңбексүйгіштік, қарапайымдылық, т.б. ертеден – ақ адамгершілік түсініктері болып табылатын, яғни адамгершілік түсініктер негізінде мейірімділік жатыр.

Педагогикалық этика ғылым ретінде ғылыми педагогикалық зерттеулердің жаңа нәтижелерімен байыды. Жаңа компьютерлер, оқулықтар, құралдар бұлардың бәрі жаңа педагогика қызметіне қойылған және білім беру педагогикалық этикасымен есепке алынуы тиіс. Педагогикалық этикада нәзік те, күрделі сфера бар. Оның қалыптасуы адамның рухани қасиеттеріне байланысты: студент пен педагог арасындағы қарым – қатынас сферасы.

#### **Педагогикалық этикаға қойылатын талаптар**

Біздің өміріміз педагогикалық этикаға өзінің талаптарын қояды.

1 Нарықтық экономика оқытудың шарттарын өзгертті. Оқытушының ролі де өзгерді. Егер бұрын оның негізгі бағыты лектор болу- лекциялық формада білім беру міндеттеріне үйлесе қазір жоғары оқу орны және техникум (колледж) оқытушысының басты ролі- оқуға

үйрету, өзінің студенттерінің танымдық әрекеттерін ұйымдастыра білу және оған жетекшілік ету. Бұл біздің заманымызда оқытушыға қойылатын бірінші талап. Ойлауға үйрету болып табылады оқытудың қажетті шарты. Бұл үшін қажет:

- Студенттерді ақпаратты дербес іздеуге, кітапханада жұмыс істеуге үйрету, оларды оқуға үйрету (студенттерде оқу жылдамдығы төмен);

- Оқылғандарды түсінуге үйрету, конспект жазу;
- Бөлінген мазмұнды меңгеру жұмысы;

2 Педагогикалық этикаға қойылатын екінші талап қазіргі заманғы еңбек ерекшеліктерінен тұрады: студенттерді ұжымдық еңбектегі міндеттерді шешуге үйрету, ұжым мүшесі болуға үйрету қажет, яғни студентті ұжымдық іс – әрекетке орындаушы, ұйымдастырушы ретінде дайындау қажет;

3 Педагогикалық этикаға қойылатын үшінші талап біздің ұрпақтарымыз даярланатын мамандықтар сипатымен бейнеленеді. Маман біздің қоғамның мораль нормаларына сүйене отырып, ұжымның іс – әрекеттерін басқару, ұйымдастыру және жоспарлауға дайын болуы тиіс.

Жағымды педагогикалық жағдай педагогикалық этиканың негізгі талабы болып табылады. Оқытудың жағымды жағдайын қамтамасыз ететін **бес маңызды шарттар белгілі:**

**1 - ші шарт.** Табысқа жетуге сенімділік (оқытушы мен студент). «Адам өз күшіне сенген жерде ғана дегеніне жете алады» - деген Людвик Фейербах. Сенім студенттерді баурап алатын елігу, энтузиазм тудырады. Бұл факт америка психологтары Розенталь мен Джекобсының 1968 жылы шыққан «Сыныптағы пигмалион» атты кітабында жазылған экспериментпен дәлелденген болатын.

Розенталь экспериментінде ол оқушылардың даму деңгейін тестімен анықтады. Содан кейін олардың арасынан әлсіз дамыған оқушылар тобын тандап алды және оларды мұғалімдерге бергенде «бұлар қабілетті оқушылар» деп айтты. Нәтижесінде, мұғалімдердің осы оқушылардың қабілетті екендігіне деген сенімі өте жақсы қортындыға әкелді. Олар шынында да, өздерін жақсы жақтарынан көрсете білді.

Сонымен, оқытушы нұсқауына студенттің соңғы нәтижесі тәуелді. Бірақ, оқытушының қателесуі де мүмкін, мысалы:

1 Шаляпинді дауысы жоқ деп хордан қуып шыққан болатын.

2 Бутлеровтың мойнына «флы химик» деген тақтайша іліп, сыныптан қуып шыққан болатын. 26 жасында ол Москва университетінің профессоры, одан кейін ұлы химик болды.

3 Грик мектепте жүргенде әуен тактісін салапты, оған бәрі күлетін еді, ұлы музыкант деп атаушы еді. 15 жасында ол Лейпциг консерваториясына қабылданып, әлемге белгілі композиторға айналды.

4 Ключевский – тарихшы және ғажап лектор. Оны қатты ықылық атқаны үшін семинариядан шығарып жібермек болған, бірақ ол өзін жеңіп, атақты лектор болды.

5 Ньютон өз құрдастарының арасында ешпенесімен ерекшеленбеді. Тринити – колледжінде, Кембриджде де ол өзін ешпенесімен көрсете алмады.

6 Суриков өзінің суреттерін көркемөнер Академиясына әкелді. Бұл жерде оған былай деген болатын:

«Мұндай суреттермен саған көркемөнер Академиясына түспек түгілі, маңайынан жүруге де болмайды».

Бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Біріншіден, оқытушы өзін өз жағдайына қарай ұстайтынын, екіншіден, барлық осы адамдардың өздерінің жағдайлары бар екендігін осы мысалдар дәлелдейді. Олар өздеріне сенеді және сондықтан да, табысқа жетті.

Сонымен, жағымды жағдайды қамтамасыз ететін бірінші шарт – табысқа деген сенімді тудыратын жағдай болып табылады.

**2 - ші шарт.** Оқытушымен аудитория арасындағы және топтағы студенттер арасындағы дұрыс өзара қарым – қатынастарды орнату екінші шарт болып табылады. Бұл үшін жалпы адамзаттық құндылықтар және «үйде де, жұмыста да басқаға - өзіне сияқты, өзіне басқаға сияқты қарау» принципіне негізделген тұтас адамгершілік нормалардан шығу қажет.

Егер оқытушы еліктейтін үлгі болатын болса, онда студентке оқытушының ықпалы зор. Ол студенттерге өз жанының бөлшегін береді.

Педагогикалық этикада ұжымдағы оқытушының орны да үлкен роль атқарады. Оқытушы өзінің ролін арттырмауы керек және әріптестерінің ролін төмендетпеуі керек. Ол өз әріптестестеріне сеніммен қарауы тиіс.

**3 – ші шарт.** Әр бір студентке деген қайырымды қарым- қатынас жағымды жағдайдың үшінші шарты болып табылады. Бұл жерде Станиславский бойынша «Қарсылық көрсету эффектісі», яғни, оқытушының белгіден бас тарту іскерлігі оқытушының диалектикасына еруге тырысуы, өзінің алдында қайырымсыз адамды көре отырып, қай жерде оның мейірімді екендігін, әлсіз адамнан қай жерде ол күшті екенін іздеу өте қатты көмектеседі. Бұл мұқият болуды білдіреді. К.Д.Ушинский: « Мектепте әрқашанда байсалдық, сыпайлық, әділдік, мейірімділік, тәртіп, ең бастысы – үздіксіз ойлы іс – әрекет билік етуі тиіс»- деген болатын.

**4 – ші шарт.** Студенттермен бірінші кездесуден бастап, жағымды тілдік қарым – қатынас жасау төртінші шарт болып табылады.

**5 – ші шарт.** Оқытушының келбеті, оның сыртқы түрі, сондай – ақ, аудиторияның қалпы, яғни қазіргі заманғы жарық аудиториялар бесінші шарт болып табылады.

*Ұсынылған әдебиеттер:*

- 1 Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика, СПб: Издательство «Питер», 2000. – 304 с.
- 2 Зязюн И.А. и др. Основы педагогического мастерства. – М.: Просвещение, 1989. – 303 с.
- 3 Морева Н.А. Основы педагогического мастерства: учеб. Пособие для вузов/ Н.А. Морева. – М.: Просвещение, 2006.

*СӨЖ тапсырмасы* (тақырып 1) [1, 3, 5]

- 1 «Педагогикалық әрекет» ұғымын анықтаңыз.
- 2 Педагогикалық әрекеттің тарихи мәні неде?
- 3 Педагогикалық әрекеттің ерекшелігін түсіндіріп беріңіз.

#### **Дәріс тақырыбы №4. Мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы**

- 1 Мұғалім мен оқушылардың өзара мәдени қарым-қатынасының мәні.
- 2 Қарым-қатынасты модельдеу және ұйымдастыру кезеңі.
- 3 Қарым-қатынасты меңгеру және талдау.
- 4 Педагогикалық қатынас стилі және тактісі.

#### **Мұғалім мен оқушылардың өзара мәдени қарым-қатынасының мәні.**

Оқу-тәрбие жұмысын күнбе-күн жедел жүзеге асыруға қарым-қатынас жасап отыратын екі тұлға бар. Олар: мұғалім және оқушы. Осы екі тұлғаның өзара қарым-қатынасы дұрыс жолға қойылған уақытта ғана оқу-тәрбие жұмысы бойынша алға қойылған міндеттер дұрыс жүзеге асырылады.

#### **Қарым-қатынасты модельдеу және ұйымдастыру кезеңі.**

Сыныптың алғашқы жұмыс істеуге кірісе бастағанда қарым-қатынасты **ұйымдастыра білудің** маңызы зор, өйткені сабақта оқушылардың танымдық әрекетін меңгеру ең алдымен қарым-қатынасты меңгеру арқылы жүзеге асырылады.

Мәселен оқыту тәсілдерін жүзеге асыру процесінде нақты психологиялық қарым-қатынастық сыр жатыр.

Қарым-қатынаста табысқа жетуге мынадай әдістерді қолданып жүзеге асыруға болады:

- Сыныптағы бастапқы ұйымдастыру кезеңінен жедел нақты іспен жекелей қарым-қатынасқа тікелей ауысу.

- Сыныптағы әлеуметтік-психологиялық бірлікті жедел қолға алу, жекеленген оқушылардың келеңсіз құбылыстарға тиым салып, балалардың бірлескен әрекетін енгізу, сыныппен тұтастай байланыс орнату.

- Жымды жұмылдыруға ықпал ететін мәселелерді қою және жөн жоба беретін педагогикалық талаптарды ұлғайту.

- Қыптылық, жинақтылық, белсенділік, жарқын жүзділік сияқты сыртқы коммуникативтік сипаттарды қамтамасыз ету.

- Өзара әрекеттестікті қамтамасыз ететін сөз, оның жазбаша түрі, мимика, микромиканы қатынасқа енгізу.

Осылардың негізінде оқушылармен өзара түсінісуді, мұғаліммен жалпылама пікір алысуды қалыптастыру керек болады.

#### **Қарым-қатынасты меңгеру және талдау.**

Қарым-қатынасты меңгеру үшін мұғалім толып жатқан коммуникативтік міндеттерді шешуі керек. Кейбір аландап отырған оқушының өзіне қарай зейінін тартады. Оның өзі бет-әлпетімен жаратпағандық көрсету, тақтаны тықылдату, оқушыны көз бағдарымен өзіне тарту. Қарым-қатынасты меңгерудің екінші жағы - оқушыларды материалға қызықтыра білу, сыныпта бірлескен ізденіс туғызу, жеке оқушының әсерленуін көре білу. Қарым-қатынастын барысында оқу-тәрбие ақпаратын нақтылаудың, оны педагогикалық процестің өзгермелі жағдайына ыңғайлай білудің, балалардың дербес ерекшеліктерін ескерудің айрықша маңызы бар.

#### **Қарым-қатынасты талдау.**

Балалармен өткенде жүзеге асырылған қарым-қатынас сипаттарын мұғалім ылғи да еске алып, оқушымен жұмыс үстінде ұйымдастырылған қарым-қатынастың оңтайлы түрімен ыңғайсыз түрлеріне талдау жасап отырудың үлкен маңызы бар.

Оқушылармен қарым-қатынас орнату процесінің тиімді болуы үшін мыналарды жүзеге асыру тиімді болады:

- Балалармен ілтипатты сөйлесе білу және бүтіндей сыныппен қарым-қатынас жасағанда олардың өзара үндестігін іске асыру;

- Балалармен қарым-қатынас жасағанда өз бақылауыңды дамыта отырып, әңгімелесушілердің жауабын алдын-ала біліп отыру;

• әр оқушының мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін тани білу, сөйтіп қарым-қатынас жасағанда кіммен қандай оқушымен қарым-қатынас жасап отырғаныңды талдай білу жөн.

### **Педагогикалық қатынас стилі және тактісі.**

**Қарым-қатынас стилі дегеніміз** - педагог пен оқушылардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері.

Педагогикалық қарым-қатынас түйіндеп айтқанда мұғалімнің өзіндік қол таңбасы.

Педагогикалық қарым-қатынастың мынадай стилдері болатындығын атап айтуға болады:

- а) бірлескен шығармашылдық іс-әрекетке әуестенуге байланысты.
- ә) қарым-қатынас, шекаралық (дистанциялық) ыңғайластыққа.
- б) қорқытып-үркітуге негізделген қарым-қатынас.
- в) әзіл-қалжыңы араласқан қарым-қатынас.

### *Ұсынылған әдебиеттер:*

- 1 Бордовская Н.В., Реа
- 2 н А.А. Педагогика, СПб: Издательство «Питер», 2000. – 304 с.
- 3 Зязюн И.А. и др. Основы педагогического мастерства. – М.: Просвещение, 1989. – 303 с.
- 4 Морева Н.А. Основы педагогического мастерства: учеб. Пособие для вузов/ Н.А. Морева. – М.: Просвещение, 2006.
- 5 Резниченко М.Г. Введение в педагогическую деятельность: Учебное пособие для студентов факультета начального образования. – Самара: Издательство СГПУ, 2003

### *СӨЖ тапсырмасы (4 тақырып) [1-4]*

- 1 Педагогикалық қарым-қатынасты қалай түсінесіз?
- 2 Әр қилы кәсіби деңгейлі оқытушыларды педагогикалық қарым-қатынас ерекшеліктері неде?
- 3 «Мен - Концепция» позитивті дамуының педагогикалық қарым-қатынас ролі қандай?

### **Дәріс тақырыбы №5. Сабақты ұйымдастырудың алуан түрлі формалылығы және сабақтың эмоциялық-интеллектуалдық қуатын арттыру.**

- 1 Сабақты ұйымдастырудың алуан түрлі формалылығы.
- 2 Сабақтың эмоциялық-интеллектуалдық қуатын арттыру.

### **Сабақты ұйымдастырудың алуан түрлі формалылығы.**

Қазір мектеп тәжірибесіне мұғалімдердің оқу процесінде қолданып жүрген алуан түрлі сабақ формалары бар: Түсіндіріп оқыту сабағы, проблемалы оқыту, бағдарламалы оқыту, сабақ лекция, семинар сабақ, диспут сабақ, конференция сабақ, экскурсия сабақ, өзіндік жұмыс сабағы, конкурс сабағы, панорама сабағы, диалог сабақ т.б. Осы аталған сабақ формалары бойынша оны ұйымдастырып жүргізу тәртібінің көпшілігі бізге таныс. Әрқайсының мазмұны ерекшелігімен бірге, ұйымдастыру форма ерекшелігі де бар.

### **Сабақтың эмоциялық-интеллектуалдық қуатын арттыру.**

Сабақтың эмоциялы әсерлі, интеллектуалды қуатты болуы - сабақты тиісті мәнде ұйымдастырып, түрлендіре білуге байланысты. Ол үшін сабақты айнала өмірімен байланыстырып, белсенді әсерлігін арттыру, эмоциялық сезім туғызарлықтай, күш-қуатын арттыру керек.

Оны мынадай жолдармен жүзеге асыруға болады: Біріншіден, оқитын материалды қызықты-тартымды етіп хабарлау, қызықты мысалдар келтіру, мысалы, кейбір тәжірибелі мұғалімнің тарих сабағын түсіндіргенде келтірген мысалы... Біздің планетамызда 14 мың 513

үлкен-кішілі соғыс болған, онда 3 миллиард 640 миллион адам өлген.

Ол соғыстарда шыққан шығынды алтынға есептесек, қалыңдығы 8 метр, көлденеңі 10 км-ден бүкіл жер шарын орап алатындай алтын шығыны шыққан... Бұл мысал, балаларды қызықтырарлықтай және ойландырарлықтай материал т.б.

Екіншіден, сабақты ғылыми-жаңалық ашушы ғылымдардың өміріне байланысты қызықты-тартымды материалдар беру, олардың жаңалық ашудағы шығармашылдық қасиеттері оның ақыл-ой парасаттылығына сай келетіндігін мысалдармен әсерлеп айту.

Үшіншіден, сабақ үстінде оқушылардың шығармашылық ісіне түрткі боларлықтай материал беріп, проблемалар туғызып, ынталарын соған аудара білу. Мысалы, Күн Жерді тез жылыта ма, әлде тау басын тез жылыта ма?

Төртіншіден, мұғалімнің оқу материалын хабарлап-баяндаған уақытта образды-бейнелі түрін баяндап эмоция-сезімін жандандыра білуі.

Бесіншіден, сабақтың эмоциялық-интеллектуалдық қуатының артуына мұғалімнің жеке бас ерекшелігінің де әсері болады. Кейбір мұғалімдер қызықты юморлық мысалдарды сабаққа байланысты қолдана отырып, бір жағы оқушылардың тыныс дем алу мүмкіндігіне де пайда тигізеді. Сол сияқты физкультуралық минут, ұжымдық көңілді минуттарында ұйымдастыра білу керек.

Алтыншыдан, мұғалім сабақтың интеллектуалдық-эмоциялық сапасын жетілдіру үшін еңбек мәдениетін дұрыс ұйымдастырады. Тәртіп сапасы, сабақ желісі, шамагершілдік, бәрін есепке алып, бір-бірімен үйлестіре білуі керек.

*Ұсынылған әдебиеттер:*

1 Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика, СПб: Издательство «Питер», 2000. – 304 с.

2 Зязюн И.А. и др. Основы педагогического мастерства. – М.: Просвещение, 1989. – 303 с.

3 Морева Н.А. Основы педагогического мастерства: учеб. Пособие для вузов/ Н.А. Морева. – М.: Просвещение, 2006

4 Пидкасистый П.И. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей. – М.: Российское пед. агентство, 1996.

5 Резниченко М.Г. Введение в педагогическую деятельность: Учебное пособие для студентов факультета начального образования. – Самара: Издательство СГПУ, 2003

*СӨЖ тапсырмасы (5 тақырып) [1-3]*

1 Педагогикалық басқарудың қандай стильдерін Сіз білесіз, олардың ерекшеліктері неде?

2 Әр қилы басқару стильдері педагогикалық әрекет пен қарым-қатынас тың тиімділігіне қалай әсер етеді?

3 Алдыңғы сұрақтың дұрыстығын дәлелдеп беріңіз.

**6-тақырып. Оқушыларды педагогтың тануы (1 сағат).**

*Дәріс жоспары*

1 Педагогикалық әрекеттегі «нәтижелілік» (продуктивность) ұғымы.

2 Оқытушы қарым-қатынасы және әрекеті құрылымындағы когнитивті, аффективті және өзін-өзі ұстау (поведенческий) компоненттері.

3 Диагностика оценки профессиональной направленности личности учителя.

Сыныптың алғашқы жұмыс істеуге кірісе бастағанда қарым-қатынасты **ұйымдастыра білудің** маңызы зор, өйткені сабақта оқушылардың танымдық әрекетін меңгеру ең алдымен қарым-қатынасты меңгеру арқылы жүзеге асырылады.

Мәселен оқыту тәсілдерін жүзеге асыру процесінде нақты психологиялық қарым-қатынастық сыр жатыр.



Қарым-қатынаста табысқа жетуге мынадай әдістерді қолданып жүзеге асыруға болады:

- сыныптағы бастапқы ұйымдастыру кезеңінен жедел нақты іспен жекелей қарым-қатынасқа тікелей ауысу;
- сыныптағы әлеуметтік-психологиялық бірлікті жедел қолға алу, жекеленген оқушылардың келеңсіз құбылыстарға тиым салып, балалардың бірлескен әрекетін енгізу, сыныппен тұтастай байланыс орнату;
- ұжымды жұмылдыруға ықпал ететін мәселелерді қою және жөн жоба беретін педагогикалық талаптарды ұлғайту;
- ұқыптылық, жинақтылық, белсенділік, жарқын жүзділік сияқты сыртқы коммуниактивтік сипаттарды қамтамасыз ету;
- өзара әрекеттестікті қамтамасыз ететін сөз, оның жазбаша түрі, мимика, микроимиканы қатынасқа енгізу.

Осылардың негізінде оқушылармен өзара түсінісуді, мұғаліммен жалпылама пікір алысуды қалыптастыру керек болады

*Ұсынылған әдебиеттер:*

- 1 Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика, СПб: Издательство «Питер», 2000. – 304 с.
- 2 Зязюн И.А. и др. Основы педагогического мастерства. – М.: Просвещение, 1989. – 303 с.
- 3 Морева Н.А. Основы педагогического мастерства: учеб. Пособие для вузов/ Н.А. Морева. – М.: Просвещение, 2006

*СӨЖ тапсырмасы (тақырып 6) [1-3]*

- 1 Педагогикалық әрекет және оқушы тұлғасын педагогтың тануы тиімділігі бір-бірімен қалай байланысты?
- 2 Педагогикалық қарым-қатынастағы эмпатияның ролі қандай?

**7-тақырып. Педагогикалық техника оқушының тәртібін ұйымдастыру формасы ретінде.**

*Дәріс жоспары*

- 1 Педагогикалық техника және оның мәні
- 2 Педагогтың сыртқы бейнесі және педагогикалық бағыттылығы, өз сезімін (эмоциясын) басқару.
- 3 Педагогикалық техникадағы мұғалімнің өз дене қимыл қозғалысын дұрыс басқарудың ролі.
- 4 Келбет – пішін.

**Педагогикалық техника және оның мәні.**

Педагогикалық техникалық қарым-қатынас жасау формасы - мұғалімнің іштей ұйымдастырылған сөз әрекеттерімен сырттай ұйымдастырылған ым-ишара, дене қимылы әрекеттерімен ұштасып отырады.

Негізінен педагогикалық техника екі топ компоненттерінің сөйлесуімен жүзеге асырылады.

Бірінші топ компоненттеріне жататындар: өз дене құрылыс пітімін қимыл-қозғалысын басқара білу, келбет-пішінін, қас-қабағы, көңіл-күй сезімімен мақұлдауын, не құптамауын білдіру, сөйлеу шеберлігімен, дауыс ырғағымен дикция-сымен қатынасты үйлестіре білу, әлеуметтік байқағыштық, өз қиялын басқара білу.

Екінші топ компоненттеріне жататындар: оқыту мен тәрбие жұмысын ұйымдастыра білушілік, конструктивтік техникасының болуы. Жеке адамға, ұжымға ықпал ете білу коммуникативтік білгірлік, шығармашылық жұмыс ұйымдастыра білу.

Сондықтан педагогикалық техника дегеніміз -- сөз және сөйлеудің басқада құралдары

арқылы: адамның келбет-пішіні, дене қимылы басқада да ұйымдастыру формалары арқылы іс-әрекет қатынасын жүзеге асыру жолдары болып табылады.

### **Педагогтың сыртқы бейнесі және педагогикалық бағыттылығы, өз сезімін (эмоциясын) басқару.**

Мұғалімнің сыртқы бейнесі, киген киімі эстетикалық жағынан тәрбиешіге, ұстазға лайық болу керек. Мынау киген киімі, өзіне шақ ұнамды, қонымды, түс жағынан ұнамды, сыпайыгерлікті көрсететіндей болу керек. Сол сияқты шаш қоюы да, жинақты, бет-пішіні боямасыз болғаны жөн. Сыныпқа кіргенде әбгерленбей салмақты, денесін бірқалыпты басқарып, оқушыларға ықыласты амандасып, жылы мейірімді көзқараспен пейіл көрсете білу оқушыны бірден өзіне тартып баурап алуға ықпал етеді. Егер мұғалім өзіне осы тұрғыда талап қоймай қалай болса солай киініп, шашы жалбырап, көйлек түймесі салынбай алқам-салқам болып сыныпқа кіріп келсе, оқушылар алдында мұғалімдік сапасын да жоғалтады.

### **Педагогикалық техникадағы мұғалімнің өз дене қимыл қозғалысын дұрыс басқарудың ролі.**

Педагогтың оқу-тәрбие процесі үстінде, аудиторияда, сынып оқушылары алдында өз дене бітімін, қозғалыс-қимылын дұрыс бағыттап ұстап білуі педагогикалық шеберлік тәсілдерін жүзеге асыруға байланысты. Дене бітімін бір қалыпты сымбатты, тұрақты ұстаған мұғалімнің өз ісіне сенімді, ойы тиянақты, айтатын сөзін абыржымай тиянақты мазмұнды бере алатындығын сипаттайды. Өз күшіне, өз біліміне, өз іс-әрекеттеріне сенімділігін білдіреді.

Сондықтан да мұғалім сабақ үстінде дене бітімін тік дұрыс, сымбатты ұстау керек. Әрі-бері орынсыз қозғалып жүре бергеннен сақтану керек және бір жерде ұзақ тұрып қалуға да болмайды. Сабақ үстінде қақырыну, түкіріну, сіңбіру, өте мәдениетсіздікті байқатады, олар мұғалім үшін өте жат. Отырғанда да екі аяқ арасының аса алшақ болуы дұрыс емес. Мұғалімнің қимылы психологиялық мәнерде болу керек. Қолайлы көңілді кездерде қолыңды кеудеге келтіріп қошемет көрсету, сыныпқа кіруде, шығуда қолданылуы көңілге жайлы тиеді. Дене қимыл-келбетін ұстай білуге жаттығу үшін физкультура спортпен шұғылданған жөн. Сол сияқты өзін-өзі қабырғада тұрып жаттықтыру және өзіне-өзі оқушы көзімен қарау керек. Мысалы, сөйлер алдында бір қадам ілгері басу оқушылардың зейінін өзіне тартатын болса, бір қадам кейін шегіну азғана тыныстауды демалыс қалпын ұйғарады.

#### **Келбет – пішін.**

Келбет - бет пішінді байқатады. Мұғалімнің келбеті -көзқарасы, қас-қабақ қағысы, көзқарасы адамның ішкі сезім, ой дүниесінен көп хабарлар етеді. Келбет өзіңнің ойыңды, сезіміңді көңіл күйіңді білдіретін өнер.

Оқушы сенің бет-пішініңнен, көзқарасыңнан сенің айтайын деген ойыңды, мақұлдауыңды, не мақұлдамауыңды, қолдамауыңды, не қолдауыңды танып біледі. "Көз - көңілдің ажары" деген мақал осы сияқты жайыттарды аңғартады. Күлімдеп сөйлеу, көздің кішіреюі дене қимылымен жымдасып, қуанышты жағдайды, қошеметтеуді білдірсе, көзді бадырайта қарау, қабақты керу, бет бұлшық етін бедрейту қоштамауды, мақұлдамауды, істің дұрыстығына шүбә келтіруді көрсетеді.

Мұғалім сыныпта сабақ үстінде оқушыларды тегістей көзбен шолып қарауға, барлығын көз алдына ұстауға дағдылану керек. Көзбен сынып оқушыларымен байланыс жасап отыру керек. Көзбен оқушыны бейсауат іспен шұғылдануға мүмкіндік бермейтіндей етіп өзіңе көзбен тартып отыру керек.

#### *Ұсынылған әдебиеттер:*

- 1 Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика, СПб: Издательство «Питер», 2000. – 304 с.
- 2 Зязюн И.А. и др. Основы педагогического мастерства. – М.: Просвещение, 1989. – 303 с.
